

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 қаңтардағы N 2 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 20 мамырдағы N 457 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 15 қазандағы № 1313 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.10.15 № 1313 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Машина жасау" салааралық ғылыми-технологиялық орталығын және Машина жасауды болжау жөніндегі ғылыми-зерттеу орталығын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 қаңтардағы N 2 P980002_ қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының, Қорғаныс министрлігінің және Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясына ведомстволық бағыныстағы "Машина жасау" салааралық ғылыми-технологиялық орталығын "(CFTO)" құру туралы ұсынысы қабылдансын. "Машина жасау" салааралық ғылыми-технологиялық орталығының (CFTO) мекен-жайы Алматы қ а л а с ы б о л ы п б е л г і л е н с і н " ;

4-тармақтың екінші абзацындағы "өнеркәсіп орындары мен тәжірибелік өндірісі бар конструкторлық-технологиялық бюроларды" деген сөздер " ғылыми-зерттеу және тәжірибе конструкторлық ұйымдарды" деген сөздермен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі